М А З М Ұ Н Ы
С О Д Е Р Ж А Н И Е
C O N T E N T

Байдильдинова Д.К. Мәтінмен жұмыс арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.....3

Муратбекова Н.Т., Хадесова Ж.Е., Жомартова А.К., Амирова Диана С., Сулейменкулов Ж.Д. Развитие навыков безопасного поведения учащихся через моделирование ситуативных заданий.....5

Алмабекова Г.А. Химия пәнінде жобаға негізделген оқытуды жүзеге асыру.....10

Мукашова Ж.К. Зерттеп оқу әдісі арқылы оқушылардың мәтін тілін талдау дағдысын дамыту.....12

Иманбекова Н.Н., Иманбекова А.Н. Әдеби үстел ойындары арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту.....15

Байжуманова А.Ж., Искакова Р.А. Саралаудың күрделендіру және креативтілік принциптері арқылы оқушылардың жазба жұмысын қалай жақсартуға болады?.....18

Искакова Р.А. «STEAM» сабақ арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту.....20

Таубалдиева А.Т. Қазақ тілі сабақтарында PBL әдісін қолдану арқылы 8Т2 сынып оқушыларының талдау дағдысын жетілдіру.....23

Райымбекова И.Қ. Өндірістік экология пәнін оқытуда CASE-STUDY тәсілін қолданудың студенттердің зерттеу құзіреттілігін қалыптастыруға әсері.....26

Мұратқалиұлы А. «Мектеп оқушыларының белтемірге (турникке) тартылуын дамыту».....29



Сурет – 3.

Әдебиеттер тізімі

1.Исследование в действии. АОО "Назарбаев Интеллектуальные школы", Астана, 2012.
2.Лес Выготский «Мышление и речь» (сборник), 1934ж.

Иманбекова Назира Нурхалиевна
Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалім-модераторы, қазақ тілі мен әдебиеті магистрі
e-mail: imanbekova_n@hbalm.nis.edu.kz

Иманбекова Айжан Нурхалиевна
Алматы қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің сарапшы мұғалімі, филология магистрі
e-mail: imanbekova_a@fmalm.nis.edu.kz

ӘДЕБИ ҮСТЕЛ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Мәселенің сипаттамасы. «Әдеби үстел ойындары 7-сынып оқушыларының зерттеушілік дағдыларын дамытуға қалай әсер етеді?

Шешімін ұсыну. Бұл зерттеуде бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі оқушылардың қазақ тіліндегі көркем шығармаларды оқуға деген құлшыныстарының төмендігі, оны арттырудың бір жолы әдеби үстел ойындарын жасау және оны сабақ барысында қолдану жолдары қарастырылады. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында

оқушылардың арасында көркем шығармаларды меңгерудегі қиындықтарын анықтауға қатысты сауалнама жүргізілді. Мектепте оқушылардың арасында қазақ әдебиетіндегі көркем шығармаларды неліктен оқуға қиналатындығы мен оқығаннан соң тез ұмытып кететіндері жайлы шағымдарды жиі естиміз. Сол себепті ең бірінші оқушыларда кездесетін қиындықтар мен кедергілерді шешудің тиімді жолдарына қатысты пікірлері мен көзқарастарын анықтау үшін сауалнама алынды. Сауалнамаға мектептің 7 сынып оқушыларынан жалпы саны 133 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесіне сәйкес әдебиет пәні бойынша білім беру бағдарламасында ұсынылған Шерхан Мұртазаның «Жүз жылдық жара» әңгімесі негізінде әдеби үстел ойыны құрастырылды.

Зерттеу әдістері.

1) сауалнама жүргізу;
2) ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді талдау
3) оқушылармен, өзге пән әріптестерімен әңгімелесу
4) нәтижелерді статистикалық өңдеу
5) шығармашылық: әдеби үстел ойыны үшін сұрақтар, ережелер, ойын алаңының макетін жасау.

Нәтижелер және рефлексия. Зерттеу біз ұсынған гипотезаны растауға және келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді:

Болжалды нәтижелер:

1) оқушының шығармашылық тұлға ретінде дамуы
2) әдебиет пәніне деген қызығушылығын арттыру және оқу іс-әрекетінің мотивін дамыту
3) білімді берік меңгеру, оқытудың нәтижелілігін арттыру
4) оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту
5) берілген шығарма бойынша әдеби үстел ойынын дайындау

Осылайша, зерттеу процесін іс-әрекетте ұйымдастыру бірқатар артықшылықтарға ие, олардың арасында мыналарды атап өтуге болады:

- ✓ әдеби үстел ойындары оқушының сөздік қорын көбейтуіне үлес қосады;
- ✓ таныс болып көрінетін ақпараттың жаңа жақтарын ашуға мүмкіндік туғызады, оқушылардың байқағыш қабілеттерін дамытады, осылайша қазақ тілі мен әдебиет пәніне деген қызығушылықтарын арттырады.

Әдеби үстел ойындары оқушыларды ойлауға, шығарманың идеясына үңілуге, зерттеуге, оқушыны оқу процесінің белсенді қатысушысына айналуына, өз бетінше жұмыс жасауды дамытуға, теориялық материалды практикамен байланыстыра білуге үйретеді. Мысалы: оқушылар төрт түстен тұратын, яғни қызыл, көк, сары, ақ ойын карталарын әзірлей алды. Сілтемесі: https://www.canva.com/design/DAGDfZK9QUo/mRPhx8iDDAK_3gHbwCzT_A/edit.

«Әдеби үстел» ойынында оқушылар кейіпкерлердің әрекетіне, мінез-құлқына, сезіміне байланысты жалпы саны 20 сұрақтан тұратын «Кейіпкерлер әлемі» деп аталатын ойын карточкаларын жасады. Сұрақтар мазмұны шығарма кейіпкерлерді есте сақтауға, олардың сөздері арқылы ажырата алуға, іс-әрекеттеріне баға беруге және портрет пен тура мінездеу арқылы кейіпкерді тануға негізделді.

- ✓ «Ойтүрткі» атты ойын карточкаларындағы сұрақтар шығарманың мазмұнын тануға құрылды. Ойын карточкаларының жалпы саны - 20. Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтады.
- ✓ «Сөз сыры» атты ойын карточкаларында үзінділер берілді. Үзіндіде асты сызылған сөз немесе сөз тіркестерінің қандай көркемдегіш құрал екендігін анықтай алды.
- ✓ «Суреттер сөйлейді» атты ақ түс карточкаларында шығармадағы эпизодтарды еске түсіріп қана қоймай, оны мазмұндауға негізделеді. Ойын карточкаларының жалпы саны - 20. Әр карточкада шығармадағы эпизодпен байланысты детальді суреттер беріледі. Ойынның шарты бойынша ойыншылар карточкада бейнеленген суретпен байланысты эпизодты әңгімелеп бере алды.

Зерттеу перспективасы бойынша ұсыныстар.

Эксперименттік жұмыстың нәтижелерін қорытындыласам, кез келген әдебиет сабағы - бұл қарым-қатынас процесі: оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас, оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы, көркем мәтінмен, яғни, жазушымен және оның дәуірімен қарым-қатынас процесі. Бұл жерде зерттеу процесі іске асырылады. Зерттеу процесі тек ойын ғана емес, оқуға, шығармашылыққа, зерттеуге жетеледі.

Үстел ойындары оқушылардың оқуға деген қызығушылығын, өз бетінше білім алуға, зерттеу дағдыларын дамытуға септігін тигізді.

Құзыреттілік білімді тек оқытумен шектемеді. Ол сабақ пен өмірді байланыстыра алды. Оқу-танымдық құзыреттілікті қалыптастырумен қатар оқушыларда зерттеушілік, бәсекеге қабілеттілік, белсенділік, кез келген ұжымға бейімделушілік қабілеттері қалыптасты.

Нәтижесінде үстел ойындарын ойнағанннан кейін оқушыларда жақсы өзгерістер байқалды:

• дерек көздерімен өз бетінше жұмыс істей алды.

• оқу тапсырмаларын түсінді және меңгерді, өз зерттеу жұмысын және өзге оқушының жұмысы мен іс-әрекеттерін бақылай алды;

• материалдарды сауатты салыстырды, талдады, жинақтады, жіктеп және жүйеледі;

Қорыта айтқанда, әдеби үстел ойындары технологиясы басқа да бірқатар қызметтерді атқарды:

1) материалдың ерекшелігін ескере отырып, дұрыс ұйымдастырылған ойын есте сақтауды үйренді, оқушылардың сөйлеу шеберлігі мен дағдыларын дамытуға көмектесті;

2) ойын оқушылардың ақыл-ой қызметін ынталандырды, пәнге көңіл бөлуді және танымдық, зерттеушілік қызығушылықты дамытты;

3) әркім зерттеу тапсырмасын сапалы әрі табысты орындауға тырысты.

Сурет – 1.



Сурет – 2.

Әдебиеттер тізімі

1. https://kitap.kz/book/zhuz-zhyldyq-zhara
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – А., 2010.
3. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. –А.,2011.
4. https://on.kz/proza/serxan-murtaza-zuz-zyldyq-zara-94629/

Байжуманова А.Ж.
Искакова Р.А.
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
Алматы қаласы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
e-mail: b.a.zh-70@mail.ru
iroza_71@mail.ru

САРАЛАУДЫҢ КҮРДЕЛЕНДІРУ ЖӘНЕ КРЕАТИВТІЛІК ПРИНЦИПТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗБА ЖҰМЫСЫН ҚАЛАЙ ЖАҚСАРТУҒА БОЛАДЫ?

Мәселенің сипаттамасы. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқитын 9-сынып оқушыларының жазылым дағдысын дамытуда саралау қағидаттарын қолдану қалай әсер етеді?»

Шешімін ұсыну. Зерттеу барысында оқушылардан сауалнама алынды. Сол арқылы Оқушылардың қажеттіліктері анықталды. Оқушылардың басым бөлігі жазылым тапсырмаларынан қиналатындықтарын көрсеткендіктен, олардың БЖБ,ТЖБ жұмыстарын жинақтап, сараптама жасалынды.

Жинақталған мәліметтерге жүгінсек, оқушылардың шын мәнінде жазылым тапсырмаларын орындау барысында көп қателер жіберетінін, ойды көркем тілмен жеткізу, ойды жинақтактау, дәлелдеу үшін мақал-мәтелдерді орынды қолдану, тіпті грамматикалық